

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖСШ «Little Baby» балабақшасы

Топ: «Қыран» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 30 қазан - 03 қараша айы, 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 30.10.2023ж	Сейсенбі 31.10.2023ж	Сәрсенбі 01.11.2023ж	Бейсенбі 02.11.2023ж	Жұма 03.11.2023ж
Балаларды қабылдау	«Көңілді күн» әнімен қарсыласу	Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру.	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп, келесі балаға береді	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сюжеттік ойын: «Менің ата-әжем» Мақсаты: Отбасы мүшелерінің үйдегі қызметтерін үйрету. Сөйлеуді дамыту	Еркін ойын: «Күз мезгілі» Суреттер құрастыру	Еркін ойын: "Кімнің заттары?" (достарының заттарын анықтау) Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозайка және т.б	Дидактикалық ойын: «Күзде не киеміз?» Мақсаты: Күз мезгіліне байланысты адамдардың киім киюі үлгісін көрсете түсіндіру. Қоршаған ортамен таныстыру	Еркін ойын: Ойын-жаттығу Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру
Таңертеңгі жаттығу	Жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүру. Шеңбер бойы тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Б. қ: «Ара ұшты»				

	Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /5 рет қайталау/ Б. қ.: «Айдаһардың құйрығы» Аяқтары алшақ қойылған, қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. / 6 рет қайталау/ Б.қ. : «Қайшы» Аяқтары алшақ қойылған, Қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып, қайшылау. / 6 рет қайталау/ Б. қ.: «Қоян қашты» Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру. /15-20 секунд/ Шеңбер бойымен жүру				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Асың, асың, асыңа, Бақыт қонсын басыңа, Дастарханың мол болсын, Көңіл күйің жай болсын. Астарың дәмді болсын! Ботқаны тауысып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекеттүрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбына сай ойындар ойнату.				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Денешынықтыру Тақырыбы: «Жұппен жүреміз» Міндеті: Бір қалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірінен, екеуден (жұппен) жүру. Шеңберде:	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Епті бол» Міндеті: әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып	Музыка Маман жоспарына сәйкес.	Дене шынықтыру (Таза ауада) Тақырыбы: «Аңдардың жүрісі» Міндеті: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру. Саппен шеңбер бойлай жүріп:	Қазақ тілі Тақырыбы: «Сен-маған, мен-саған» Міндеті: Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,

	1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар. (бас,дене,аяқ бөліктеріне арналған) 2.Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар -Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бірбірден, екеуден (жүппен) жүреді.Балаларды бақылау, қадағалау. Қимылды ойын: «Ұлттық ойын: «Арқан тартыс» Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру»	жүру. Шеңберде: 1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар. (бас,дене,аяқ бөліктеріне арналған) 2.Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар Әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүреді. (Негізгі қимылдар орындау барысында арқан, кегли қолдану) Қимылды ойын: «Доптар мектебі» Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру»		1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас,дене,аяқ бөліктеріне арналған) 2.Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар - Қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүреді. Қимылды ойын: « Аңдардың жүрісі» (музыка) Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру»	естуді дамыту.бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу. Шаттық шеңберінде амандасу. Артикуляциялық жаттығулар жасау.Дидактикалық ойын: «Сиқырлы суреттер»Мақсаты: Дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру»
--	---	--	--	---	--

Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл-белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық – ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет етуде дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Серуен №16 Кемпірқосақты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып, жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту. (Қоршаған ортамен таныстыру) Еңбек: Біздің аула Мақсаты: Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Жеке жұмыс: Жұмбақ: Алдым да әр түрінен жібек жіптің, Аспанға әшкейлеп	Серуен №17 Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Еңбек: Гүл тұқымдарын жинау. Мақсаты: Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру. Жеке жұмыс: Сипап өткен самалға, Тербеледі сары алма. Көз салып едім бақшаға, Қауын біткен сары ала.	Серуен №18 Көгершінді бақылау. Мақсаты: Балаларға көгершінің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні, тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен таныстыру) Еңбек: Ауладағы құстарға жем беру. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа! Мақсаты: Балаларға	Серуен №19 Күзгі көріністі бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін айыра білуге; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Еңбек: Ойын алаңы. Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету. Жеке жұмыс: «Күз» өлеңі. Мақсаты: Күз	Серуен №20 Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау. Мақсаты: Адамдардың неліктен күз мезгілінде жылырақ киінетіндігін балаларға айтып түсіндіру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Еңбек: Біздің ауламыз. Мақсаты: Ауладағы түскен жапырақтарды жинауға балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс: «Күзгі киім». Мақсаты: Күзгі киім атауларын үйрету. (Көркем

Кесте тіктім. (Кемпірқосақ) Мақсаты: Түстерді ажырата білу. Балалардың ой – өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру. (Көркем әдебиет) Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Балаларды ептілікке , шапшаңдыққа үйрету. Қимылдық ойын: . «Қимақ». Ойын барысы: Бұл ойынды жіп керіп , сол керілген жіпке әр түрлі ұзындықта кішкентай ойыншықтар байлап қояды.Ойын көңілді болу үшін ойыншының көзін байлап қояды.Ойын бастаушы оның қолына қайшы ұстатып, «осы	Дидактикалық ойын: «Жемістер мен көкөністер». Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырату.Олардың адам ағзасына тигізер пайдасын түсіндіру. (Көркем әдебиет) Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық» Мақсаты: Балаларды тату ойнауға үйрету .Тез жүгіруге , ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. (Дене шынықтыру) Қимылдық ойын: . «Доппен ұрып алу». Ойын барысы:Балалар дөңгеленіп тұрады.Тәрбиеші жүргізушіні таңдап алады да , допты береді. «Бір, екі , үш» дегенде балалар жан-жаққа қашады. Жүргізуші доппен ұрады.Кімге тисе сол ойыннан	тақпақ жаттата отырып , есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуге мүмкіндік туғызу. (Көркем әдебиет) Ойын: «Шымшық доп». Мақсаты: Допты қатты тебуге, оны ұстап алуға үйрету.Ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Қимылдық ойын: «Ұстаушы, лентаны ал». Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа , тапқырлыққа , жылдам шешім қабылдауға үйрету. (Дене шынықтыру)	мезгілінің ерекшелігін айтып, тақпақ жаттатқызып, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту. Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған. Сары жапырақтар төгілген, Тоғайды да көрдім мен.(Көркем әдебиет) Қимылдық ойын: «Қашпа, доп». Мақсаты: Ойын шартын сақтай отырып, топ болып ойнауға, қимыл-қозғалысын дамытуға , ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. (Дене шынықтыру) Қимылдық ойын: «Жүгіріп өтуге үлгер». Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа , батылдыққа тәрбиелеу, тез	әдебиет) Қимылдық ойын: « Күн мен түн». Мақсаты: Балаларды әр түрлі қимыл-қозғалсын дамыту, шапшаңдыққа, ептілікке , ұйымшылдыққа тәрбиелеу.(Дене шынықтыру) Қимылдық ойын: « Ортасына дейін кім бұрын жетеді?». Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалысын дамыту, шапшаңдыққа , ептілікке , ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Екі қысқа жұмыр таяқ алынады. Ұзындығы 8 м жіпті екі шынан байлайды.Оның қақ ортасына лентемен байлап белгілейді. Балалар таяқтарды алады да, бір-бірінен алшақтап, екі жаққа
---	---	--	---	---

	ойыншықтан барда қалағаныңды қиып ал», - дейді. Ойыншы қиып алған ойыншығын алады. Егер бірінші рет қия алмаса, екінші рет әрекеттенуге болмайды. Дербес ойындар: 1. Өткеншек тебу. 2. Ирек жолмен жүру. (Дене шынықтыру)	шығады: Ойын осылай жалғасады. Еркін ойын: • «Қуыршақты киіндіреміз». • «Отбасы» (Дене шынықтыру)		секіруге үйрету. Дербес ойындар: • Қуаласпақ • Қояндар секіреді. (Дене шынықтыру)	қарай жіпті таяққа орап, екі қолдарымен таяқты айналдыра бастайды да, алға қарай жылжиды. Жіпті лентаға дейін кім бұрын ораса, сол жеңген болып есептеледі. (Дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарғатұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетінің киімдерін өзбетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындық татикотыру. Астыңдәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпа мен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек-орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет етуде дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка таңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасау. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен кию. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қызбалалардың шаштарын жинауға әрекет жасауын үйрету. (өзіне-өзі қызмет етуде дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Астытауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

Балалардың дербес әрекеті (баяуқимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Санына қарай салыстыр» Мақсаты: "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. (Математика негіздері)	«Көлік байланыс құралдары» Мақсаты: Көлік құралдарын атайды. Бақшаға қандай көшемен келетінін айтады. Қоршаған ортамен таныстыру	Шығармашылық дағды қалыптастыру. Балаларға ермексаз тарату, өз еркімен мүсіндеу. Ермексаздың қасиеттерімен танысу. (Мүсіндеу)	«Сиқырлы сандық» Мақсаты: дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу (Сөйлеуді дамыту)	«Дүкен» Мақсаты: заттар мен олардың шамасын, түсін, пішінін ажырату және атау, қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. (Қоршаған ортамен таныстыру)
Баламен жеке жұмыс	Аянға өзі және отбасы мүшелері туралы сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Жомартқа музыка сипатына сәйкес қозғалуға үйрету.	Айлин пішіні, түсі, көлемі бойынша заттарды топтастырады.	Расулға конструкторлардың ірі бөлшектерінен заттар құрастыруға үйрету.	Жангүлге музыка сипатына сәйкес қозғалуға үйрету.
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Серуен №16 Кемпірқосақты бақылау.	Серуен №17 Ауа-райын бақылау.	Серуен №18 Көгершінді бақылау.	Серуен №19 Күзгі көріністі бақылау.	Серуен №20 Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау.
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме	Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме